

**13 мамыр, 2022 жыл**

**ANU Energy қаржыландырудың бірінші раундын аяқтап,  
уранның алғашқы жеткізілімін алды**

Agraga Ltd. (бұдан әрі – «Agraga») – «Астана» халықаралық қаржы орталығында (бұдан әрі – «АХҚО») құрылған Genchi Global Limited-тің еншілес компаниясы, Agraga АХҚО алаңында тіркелген ANU Energy OEIC Ltd (бұдан әрі – «ANU Energy» немесе «Қор») табиғи уран қорын басқаратын компания.

Agraga жеке орналастыру арқылы Қорды қаржыландырудың бірінші кезеңінің аяқталғанын қуана хабарлайды. Бастапқы инвесторлардың ANU Energy компаниясына берген инвестицияларының жалпы сомасы 74 млн АҚШ долларынан асты, бұл алғаш жоспарланғаннан 24 млн-ға көп. Қосымша инвестициялар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобындағы инвестициялық компанияларының бірінен тартылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі - «Қазатомөнеркәсіп») – әлемдегі ең ірі уран өндіруші, сондай-ақ ол Қордың инвесторы ретінде Қорға негізгі уран жеткізу жөніндегі келісімге ие.

ANU Energy мен Қазатомөнеркәсіп арасындағы келісім шеңберінде 2022 жылғы 12 мамырда Қорға алғаш рет уран тотығы жеткізілді. Қазіргі уақытта Канаданың Онтарио қаласындағы Camco Corporation компаниясының Port Hope/Blind River кәсіпорнында сақтаулы тұрған материалға иелік ету құқығы Қорға тиесілі.

Agraga-ның Бас атқарушы директоры Рустам Дуспаев бұл оқиғаға байланысты мынадай түсініктеме берді: «ANU Energy сәтті жұмыс бастағаннан кейін, Agraga жаһандық инвесторлар үшін тартымды нарықтық уран негіздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Қорды кеңейтуді жоспарлап отыр».

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) жалпы ағылшын құқығы қағидаттарына негізделген бизнес үшін қолайлы экожүйесі бар тәуелсіз юрисдикция болып табылады. 2018 жылдан бастап АХҚО ЕАЭО, Орталық Азия және Кавказ экономикасын біріктіретін толыққанды және жан-жақты құқықтық платформа ретінде инвестицияларды тартуда, оларды іске асыруда және қорғауда негізгі рөл атқарады.

**АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН:**

**Agraga Ltd.**

Рустам Дуспаев, Бас атқарушы директор

E-mail: [rustam.duspayev@agragainvest.com](mailto:rustam.duspayev@agragainvest.com)

**Болжамды мәлімдеме:**

Осы құжатта баяндалған белгілі бір ақпарат бағалы қағаздар туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес (осы құжатта бірлесіп «болжамды мәлімдемелер» деп аталатын) «болжамды қаржылық ақпаратты» және «қаржылық болжамдарды» қоса алғанда, «болжамды ақпаратты» қамтиды. Тарихи фактілер туралы мәлімдемелерді қоспағанда, осы құжатта қамтылған ақпарат болжамды мәлімдемелерді білдіреді және басқалармен қатар (i) Қордың болжамды қаржылық көрсеткіштерін қамтиды; (ii) осы Келісім бойынша ұсынылатын акцияларды сатудан түскен түсімді аяқтау және пайдалану; (iii) Қордың бизнесін, жобаларын және бірлескен кәсіпорындарын болжамды дамыту; (iv) Қордың өсу пайымы мен стратегиясын, оның ішінде бірігу мен қосып алу жөніндегі болашақ қызметке және жаһандық өсуге қатысты іске асыру; (v) Қордың жобаларын сырттан қаржыландыру көздері мен қолжетімділігі; (vi) қазіргі уақытта Қордың жобаларын аяқтау жүзеге асырылады, әзірленеді немесе өзгеше түрде қарауда болады; (vii) Қордың клиенттермен, жеткізушілермен қолданыстағы келісімдерін және басқа да елеулі келісімдерді ұзарту; және (viii) болашақ өтімділік, айналым капиталы және капиталға қойылатын талаптар. Болжамдық мәлімдемелер әлеуетті инвесторларға басшылықтың болашаққа қатысты сенімдері мен пікірлерін түсінуге мүмкіндік беру үшін ұсынылады, осылайша олар осындай сенімдер мен пікірлерді инвестицияларды бағалаудағы факторлардың бірі ретінде пайдалана алады.